

Бесбидайық ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 31 мамырдағы № 1 "Бесбидайық және Степное ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Бесбидайық ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 5779 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Бесбидайық ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бесбидайық ауылдық округі әкімінің "Бесбидайық және Степное ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" 2010 жылғы 31 мамырдағы № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-126 болып тіркелген, 2010 жылғы 16 шілдеде "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізісін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2010 жылдың 14 сәуіріндегі Бесбидайық және Степное ауылдарының тұрғындары жиынның № 5, 6 хаттамасын ескере отырып, Бесбидайық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**" .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бесбидайық ауылдық округінің әкімі

Ж.Жақанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Астрахан ауданының "Мәдениет

және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г.Карасаева

30.01.2017 ж.

Астрахан ауданының "Құрылыс,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н.Кулаков

30.01.2017 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК